

Қаржыландыру көзі	2023-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру (Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі)
Басымдық бағыттар	Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы зерттеулер
Мамандандырылған ғылыми бағыттар	Археология отандық тарихтың теориялық-әдіснамалық мәселелері контекстінде; отандық тарихтың жаңа парадигмалары контекстіндегі археологияның теориялық-әдіснамалық мәселелері
Жобаның ЖТН:	AP19174926
Жобаның атауы:	Сарыарқаның қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезеңнің қоныстары мен жерлеу ескерткіштері
Жоба менеджері	Қасенәлі Айбар Ерланұлы, PhD
Іске асыру мерзімдері	2023-2025 жылдар
Өзектілігі	<p>Жоба Сарыарқаның қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезең ескерткіштеріне қатысты ақпаратты жинақтау, жүйелеу мен саралауға, сондай-ақ, жаңадан ғылыми зерттеу жұмыстарын атқару барысында алынған нәтижелер негізінде өтпелі кезең ескерткіштерінің мәдениеттердің трансформациясындағы орны мен маңызы жайында жаңа тұжырымдар жасауға бағытталған.</p> <p>Аталған мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер кешені қойылып отыр. Олардың қатарында архив, музей қорларындағы ғылыми есеп және археологиялық деректермен жұмыс, жаңа дерекнамалық қор қалыптастыру мақсатында далалық зерттеу жұмыстары атқару, зертханалық сараптамалар мен пәнаралық зерттеулер жүргізу.</p> <p>Атқарылатын зерттеу жұмыстары барысында Сарыарқаның қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезең ескерткіштері бойынша заманауи деректік база қалыптасады, олардың таралу аумағы анықталады, нақты географиялық координаттары белгіленген картасы жасалады, ескерткіштердің топографиялық картасы мен 3Д кескіндемесі жасалып, қоныстары мен қорымдар зерттеледі.</p> <p>Жобаны жүзеге асыру барысында алынған нәтижелер Рецензияланған шетелдік немесе БҒСҚК ұсынған отандық басылымда 5 мақала түрінде және рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған 1 (бір) монография түрінде жарияланады.</p>
Мақсат	Ұсынылып отырған жобаның басты мақсаты Сарыарқадағы қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезеңнің қоныстары мен жерлеу ескерткіштеріне қатысты деректерді жинақтау, жүйелеу мен сараптау негізінде, сондай-ақ жаңадан атқарылатын археологиялық қазба жұмыстары деректерін талдау арқылы дәуірлер тоғысындағы тұрғындардың мәдениеті мен дүниетанымын зерделеу.
Күтілетін нәтиже	<p>Жобаны жүзеге асыру барысында Сарыарқаның қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезеңге байланысты деректер жинақталады, жүйеленеді және өңделеді. Өтпелі кезең ескерткіштеріне байланысты зерттелу тарихы мен тарихнамасы жазылады. Өтпелі кезең ескерткіштерінің түрлері ажыратылып, олардың таралу аймағы мен топографиялық ерекшеліктері анықталады.</p> <p>Арнайы компьютерлік картографиялау бағдарламаларында өтпелі кезең ескерткіштерінің таралу аймағының картасы жасалады. Алғашқы рет Далалық Еуразия белдеуіндегі қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі</p>

	<p>кезең мәдениеттерінің өлкелік нұсқаларының (доңғал, трушников, нұр, қаржантау және т.б.) картасы жасалады.</p> <p>Жоба бойынша далалық ізденістерде жоспарланған. Жобаны жүзеге асыру барысында өтпелі кезең ескерткіштерін іздеу мен анықтауға бағытталған барлау жұмыстары атқарылады. Барлау жұмыстары Қарағанды, Ұлытау, Абай мен Павлодар облыстарында жүргізіледі. Сонымен қатар қоныс пен обаларда қазба салынады. Қоныстарда жалпы көлемі 52 шаршы метр қазба салынса (3 қоныс), жерлеу ескерткіштері бойынша 5 нысан зерттеледі.</p> <p>Қазба нәтижелерін өңдеуде пәнаралық әдістер қолданылады. Мәселен, остеологиялық, палеоантропологиялық, трасологиялық, керамологиялық сараптама мен 7 дана радиокөміртегілік сараптама атқарылады.</p> <p>Сарыарқаның қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезең ескерткіштеріне қатысты Алматы мен Қарағанды қалаларындағы зерттеу институттарының архив қорларындағы ғылыми есептер, деректері өңделеді.</p> <p>Зерттеу жұмыстарының нәтижелері 3 халықаралық конференция жұмыстарында баяндама ретінде талқыдан өткізіледі.</p>
<p>Алынған нәтижелердің мақсатты тұтынушылары</p>	<p>Академиялық орта</p>